



ДАМУ ЖОСПАРЫ **БББ «6В07314 – Геодезия және картография»**

1 Жалпы мәліметтер

«6В07314 – Геодезия және картография» білім беру бағдарламасы Ұлттық біліктілік шеңберіне сәйкес әзірленген, Дублин дескрипторларына және Еуропалық біліктілік шеңберіне сай келеді, жалпы мәдени және кәсіби құзыреттерді қалыптастыратын пәндерді модульдік жүйе арқылы оқыту негізінде құрылған.

«Геодезия және картография» білім беру бағдарламасы БҰҰ бекіткен Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге ықпал етеді, себебі ол кеңістіктік позициялау, қоршаған ортаны мониторингтеу, сандық карталар мен геоақпараттық жүйелерді құру салаларында құзыретті жоғары білікті мамандарды даярлауға бағытталған. Бағдарлама түлектері аумақтардың тұрақты дамуын қамтамасыз етуде, табиғи ресурстарды тиімді басқаруда және инфрақұрылымның қауіпсіздігін арттыруда маңызды рөл атқарады. ОП шеңберінде келесі ТДМ-дарға үлес қосылады:

ТДМ 4. Сапалы білім беру – өмір бойы оқуға мүмкіндік беретін, сапалы, инклюзивті және қолжетімді білім берудің тұрақты жүйесін қалыптастыру;

ТДМ 9. Индустрияландыру, инновациялар және инфрақұрылым – өңір мен ел экономикасына ғылыми және технологиялық инновацияларды енгізу арқылы тұрақты инфрақұрылымды дамыту;

ТДМ 12. Жауапты тұтыну мен өндіру – азайту, қайта пайдалану және қайта өңдеу қағидаттарына негізделген экологиялық жауапты тұтыну мен өндіру жүйесін дамыту;

ТДМ 13. Климаттың өзгеруіне қарсы күрес – қоршаған ортадағы өзгерістерді бақылау үшін геокеңістіктік технологияларды қолдану;

ТДМ 15. Құрлық экожүйелерін сақтау – табиғи экожүйелерді қорғау мен қалпына келтіруге бағытталған жер пайдалану мониторингі және бағалау.

«6В07314 – Геодезия және картография» білім беру бағдарламасын дамыту жоспары кафедраның «МДиГ» даму бағдарламасының негізгі көрсеткіштерімен келісілген және стратегиялық жоспарлау индикаторларының нақтылауын, тәуекелдерді талдау мен бағалауды, анықталған тәуекелдерге сәйкес қызметті іске асыруды және жоспарланған нәтижелерге қол жеткізуді қамтамасыз ететін кепілдіктерді қамтиды (Қосымша).

2 Білім беру бағдарламасын жоспарлау

«6В07314 – Геодезия және картография» білім беру бағдарламасын жоспарлау және басқару К.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ-дың
(<https://official.satbayev.university/ru/university/mission-strategy>) және О.А. Байқоңыров атындағы Тау-кен металлургия институтының (<https://official.satbayev.university/ru/mining-metallurgy>) басым бағыттары мен стратегиялық мақсаттарына негізделеді.

3 БББ дамуының мақсаты

Білім беру бағдарламасының мақсаты – геодезия және картография саласында бәсекеге қабілетті, сыни тұрғыда ойлай алатын, теориялық және практикалық білімді үйлестіре отырып, заманауи геодезиялық жабдықтар мен геокеңістіктік цифрлық технологияларды пайдалану арқылы геодезиялық, топографиялық, астрономиялық-геодезиялық, фотограмметриялық және картографиялық жұмыстарды орындай алатын маманды даярлау.

4 БББ дамуының міндеттері

4.1 Бітірушіні кәсіби қызметтегі теріс құбылыстарды болдырмайтын ұйымдастырушылық қызметке дайындау, рухани құндылықтарды, адамгершілік-этикалық нормаларды дамыту, қоғам мүшесі ретінде Қазақстан Республикасының құқықтық және заңнамалық жүйесін сақтай отырып, жоғары кәсіби мәдениет пен азаматтық ұстанымға ие тұлға ретінде қалыптастыру;

4.2 Бітірушіні үнемі өзін-өзі жетілдіруге және өзін-өзі дамытуға бағытталған, геодезия мен картографияның инновациялық бағыттары бойынша жаңа білімдер мен дағдыларды игере алатын маман ретінде дайындау;

4.3 Бітірушіні қазіргі заманғы оқу-материалдық базаның негізінде геодезия мен картография саласында есептеу элементтерін орындауға, техникалық шешімдерді рәсімдеуге, топографиялық-геодезиялық, аэроғарыштық және картографиялық жұмыстарға арналған техникалық тапсырмаларды әзірлеуге қатыса алатын құзыреттермен қамтамасыз ету;

4.4 Бітірушіні оқу жоспарының элективтік пәндер каталогының әртүрлілігі мен икемділігі негізінде практикалық дағдыларды басым түрде қалыптастыратын, кәсіби қызметтің бір немесе бірнеше түрі шеңберінде жұмыс істей алатын, сол қызмет түрлерінің ерекшеліктерін және нарық талаптарын ескеретін ұйымдық-басқарушылық және кәсіби құзыреттерге ие маман ретінде даярлау;

4.5 Геодезия және картография саласында бәсекеге қабілетті маманды даярлау, оның ішінде білім беру және ғылыми бағдарламалардағы халықаралық бағытты кеңейту арқылы, геодезия мен картографияның озық технологиялары саласында құзыретті және ғылыми зерттеулердің нәтижелерін рәсімдей алатын кәсіби маман қалыптастыру.

5 БББ іске асыру тәуекелдері (SWOT-анализ)

<i>S (strength) – күшті жақтар (ішкі жағынан потенциалды оң факторлар)</i>	<i>W (weakness) – әлсіз жақтар (ішкі жағынан потенциалды теріс факторлар)</i>
1. Университет брендінің кеңінен танылуы және беделінің жоғары болуы; 2. Қазақстан Республикасындағы білім беру қызметтері нарығында қалыптасқан позитивті имидж; 3. Заманауи ақпараттық технологиялар негізінде оқу процесінде интерактивті әдістерді қолдану тәжірибесі мен мүмкіндіктерінің болуы; 4. Академиялық адалдық қағидаттарын қамтамасыз ету мақсатында плагиатты анықтайтын ақпараттық жүйелердің қолжетімділігі; 5. Ғылыми ұйымдармен және шетелдік жоғары оқу орындарымен серіктестік қатынастар мен ынтымақтастық жөніндегі келісімдердің болуы; 6. Материалдық-техникалық базаның қарқынды дамуы және оқу процесінің жоғары деңгейде ақпараттандырылуы; 7. Аудиториялық қорды кеңейту және оны заманауи техникалық құралдармен жабдықтау; 8. Кітапханаларда оқу процесін толық	1. Геодезия саласында шаруашылық келісімшарт негізінде орындалатын ғылыми зерттеу жұмыстарының жеткіліксіз көлемі; 2. Бағдарлама студенттеріне арналған жатақхана орындарының шектеулі болуы; 3. Кейбір мамандандырылған геодезиялық жұмыстар бойынша лицензиялардың болмауы, бұл тендерлерге қатысу мүмкіндігін шектееді; 4. Ғылыми зерттеу нәтижелерінің коммерцияландыру деңгейінің төмендігі; 5. Аймақтық жоғары оқу орындарымен және өндірістік кәсіпорындармен ынтымақтастық желісінің әлсіз дамуы.

қамтамасыз ететін жеткілікті кітап қорының болуы; 9. Кафедраның білім беру бағдарламасы пәндерінің толық кешенін қамтитын оқу-әдістемелік материалдардың болуы; 10. Университеттің тұрақты қаржылық жағдайы; 11. Ғылыми-білім беру саласында және өндірісте тәжірибесі бар профессорлық-оқытушылар құрамының тартылуы; 12. Кафедра филиалдарының базасында тәжірибелік сабақтар өткізу мүмкіндігі; 13. Кафедраның сапалы кадрлық құрамының артуы.	
<i>О (opportunity) – қолайлы мүмкіндіктер (сыртқы жағынан потенциалды оң факторлар)</i>	<i>Т (threat) – қауіп-қатерлер (сыртқы жағынан потенциалды теріс факторлар)</i>
1. Еңбек нарығында геодезия және картография саласындағы білікті мамандарға жоғары сұраныстың болуы; 2. Заманауи геоақпараттық технологиялар бойынша жаңа курстар мен пәндерді оқу процесіне енгізу мүмкіндігі; 3. Мектеп түлектері арасында PR-іс-шаралар мен кәсіби бағдар беру жұмыстарын жүргізу арқылы білім беру бағдарламасының тартымдылығын арттыру; 4. Алматы қаласының ірі қаржылық, индустриялық және әлеуметтік-мәдени орталық ретінде геодезиялық сала мамандарына тұрақты сұранысқа ие болуы; 5. Өндірістік және құрылыс кәсіпорындарының жоғары оқу орындарымен ынтымақтастыққа және студенттерге тәжірибе базасын ұсынуға дайын болуы; 6. GIS, GNSS және заманауи геодезиялық технологиялармен жұмыс істей алатын, аккредитациядан өтетін білім беру бағдарламасы түлектерінің еңбек нарығында жоғары сұранысқа ие болуы.	1. Инфляция және жаһандық экономикалық факторларға байланысты заманауи геодезиялық жабдықтардың құнының өсуі; 2. Кәсіпорындардың ғылыми-зерттеу жобаларын қаржыландыру және шаруашылық келісімшарттар жасау мүмкіндіктерінің шектеулі болуы; 3. Бизнес-процестерді автоматтандыру деңгейінің тұрақсыздығы және практикалық сабақтар үшін деректерді дайындау мәселелері; 4. Абитуриенттердің негізгі математикалық және географиялық пәндер бойынша дайындық деңгейінің төмендігі, сондай-ақ халықаралық әдебиет пен бағдарламалық қамтамасыз етумен жұмыс істеуге қажетті шет тілдерін меңгеру деңгейінің төмен болуы.

Білім беру бағдарламасын дамыту және жетілдеру бойынша перспективалық іс-шаралар жоспары

	Іс-шараның мазмұны	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімі
1	Геодезия және картография саласындағы бәсекелестік ортаны талдау, кафедраның бірегей артықшылықтарын анықтау	Каф. меңг., ППҚ	2025-2028
2	Сандық маркетингті енгізу және бағдарламаны әлеуметтік желілер мен онлайн платформалар арқылы насихаттау	Каф. меңг., ППҚ	2025-2028
3	Абитуриенттермен, мектептермен және өндірістік кәсіпорындармен кәсіби бағдар беру кездесулерін өткізу	Дирекция, каф. меңг., ППҚ	2025-2028
4	Оқу процесіне стейкхолдерлерден профессорлық-оқытушылар құрамын тарту	Каф. меңг., ППҚ	2025-2028
5	GIS, GNSS және 3D-моделдеуді қолдана отырып интерактивті оқу материалдарын әзірлеу	Каф. меңг., ППҚ	2025-2028
6	Барлық пәндерді геодезия және картография бойынша оқулықтармен, оқу құралдарымен және электрондық ресурстармен қамтамасыз ету	ҒК, каф. меңг., ППҚ	2025-2028

7	Геодезиялық деректермен жұмыс істеу үшін практикалық кейстер мен оқыту компьютерлік бағдарламаларының базасын жасау	Каф. меңг., ППҚ	2025-2028
8	Геодезияны практикалық қолдану бойынша өндірістік серіктестер және ғылыми ұйымдармен бірлескен семинарлар өткізу	Каф. меңг., ППҚ	2025-2028
9	Студенттердің білімін тексерудің сандық рейтингілік жүйесін әзірлеу, бағалардың жалпыға қолжетімділігін қамтамасыз ету	ОР, ДАВ, Каф. меңг., ППҚ	2025-2028
10	Студенттер мен оқытушылардың геодезия бойынша конференциялар, конкурстар және көрмелерге қатысуын ұйымдастыру	Каф. меңг., ППҚ	2025-2028
11	Геодезия және картография саласындағы зияткерлік меншік нысандарын коммерцияландыру	Каф. меңг., ППҚ	2025-2028
12	Ғылыми зерттеулерді зияткерлік меншік нарығында тиімді орналастыру	Каф. меңг., ППҚ	2025-2028
13	Дайындық деңгейін арттыру үшін шетелдік сарапшылар мен оқытушыларды тарту	Каф. меңг., ППҚ	2025-2028
14	Заманауи геодезиялық технологиялар бойынша оқытушылар мен студенттердің біліктілігін тұрақты арттыру	НР, каф. меңг., ППҚ	2025-2028
15	Кафедраның зертханалары, полигоны және оқу аудиторияларын жаңарту	Дирекция, каф. меңг.	2025-2028
16	Студенттер мен профессорлық-оқытушылар құрамының ішкі және сыртқы академиялық ұтқырлығын ұйымдастыру	Дирекция, каф. меңг.	2025-2028
17	Көптілді оқытуды кеңейту, соның ішінде кәсіби терминологияны үйрету	Дирекция, каф. меңг.	2025-2028
18	Білім беру бағдарламасының пәндері бойынша және қосымша оқыту үшін МООС-тар әзірлеу	Дирекция, каф. меңг.	2025-2028
19	Кафедраның ғылыми жобаларын гранттық қаржыландыруға өтінімдер беру	Дирекция, каф. меңг., ППҚ	2025-2028
20	Студенттердің оқу, еңбек және оқу сыртындағы қызметі үшін қауіпсіз және ыңғайлы жағдайларды қамтамасыз ету	Дирекция, каф. меңг.	2025-2028
21	Кәсіби қауымдастықтармен және өндірістік кәсіпорындармен ынтымақтастық	Дирекция, каф. меңг.	2025-2028
22	Заманауи қашықтықтан оқыту технологияларын пайдалана отырып, студенттер мен профессорлық-оқытушылар құрамының ішкі және сыртқы ұтқырлығын кеңейту бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеу	Каф. меңг., ППҚ	2025-2028
23	Бітіргендер қауымдастығын құру және олардың жұмыспен қамтылуын қолдау	Жұмысқа орналастыру және кәсіби бағдарлау үшін жауапты, каф. меңг.	2025-2028

24	Геодезия және картография бойынша оқу және ғылыми әдебиеттер қорын қалыптастыру	Ғылыми жұмыс бойынша декан орынбасары, каф. меңг., ППҚ	2025-2028
25	Оқу аудиторияларын заманауи компьютерлік техника, мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз ету және геодезиялық жабдықтармен қамтамасыз ету	Каф. меңг., ППҚ	2025-2028

МІЖГ кафедрасының отырысында 2025 жылғы «23» қаңтар №5 хаттамада қаралды.

МІЖГ кафедра меңгерушісі



Мейрамбек Г.

БББ даму жоспары стратегиялық жоспарлау көрсеткіштерінің нақтылануы, тәуекелдерді талдау және бағалау, анықталған тәуекелдерге байланысты іс-шараларды жүзеге асыру, жоспарланған нәтижелерге қол жеткізу кепілдіктерін қамтиды.

№	Мақсаттық көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	Тәуекелдер					
			2025-2026	2026-2027	2027-2028	Талдау және бағалау	Стратегиялар	Кепілдіктер
1	Бітірушілердің алғашқы жылы жұмысқа орналасу үлесі	%	-	-	-	Бітірушімен байланыстың жоғалуы	Мүдделі тараптар мен бизнес-серіктестермен ынтымақтастық. Бітірушілерден кері байланыс алу.	Бітірушілердің, бизнес-серіктестер мен мүдделі тараптардың байланыс ақпараты. Бітірушілердің жұмысқа орналасуы. Ішкі аудит.
2	Бірлескен білім беру бағдарламаларының саны	Саны	0	0	1	Шетелдік ЖОО-ларда білім беру процесін ұйымдастыруды талдау және бірлескен білім беру бағдарламаларын құру мүмкіндігін бағалау	«Ұлттық және шетелдік ғылыми орталықтармен, институттармен және ЖОО-лармен ынтымақтастық. Жоғары білікті ППҚ-ны жұмысқа тарту. Оқыту тиімділігінің негізгі көрсеткіштерін бағалау үшін қосымша бағалау әдістерін әзірлеп енгізу. Оқушылар мен ППҚ-ның ішкі және сыртқы мобильдігі бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеу»	Реализуемые білім беру бағдарламалары бойынша тәуекелге бағытталған талдау (SWOT). Келісімшарттарды жасау, білім беру бағдарламаларын бекіту және ашу, жаңа бағдарламалар бойынша студенттерді қабылдау. Ішкі аудит.

3	Ағылшын тіліндегі білім беру бағдарламалары саны	Саны	0	0	1	ППҚ-ның ағылшын тілін жеткіліксіз білу деңгейі.	Университетте ППҚ арасында ағылшын тілін оқыту курстарын ұйымдастыру және өткізу.	ППҚ мен студенттердің ағылшын тілін меңгеруін бағалау үшін халықаралық сертификаттардың болуы. Ішкі аудит. Кафедраның жартыжылдық және жылдық есептері.
4	Қашықтықтан оқуға қабылдау контингентін ұлғайту	Саны	-	-	-	Абитуриенттердің ақпараттандырылуының төмендігі	Профориентациялық жұмысты белсендіру. Заманауи қашықтықтан оқыту технологияларын пайдаланып ППҚ-ның ішкі және сыртқы академиялық мобильдігін белсендіру.	Университеттің цифрлық ресурстары. Ішкі аудит.
5	Өз зерттеулері мен әлемдік үздік тәжірибелер нәтижелерін көрсететін оқу және оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу және енгізу	Саны	4	6	8	ППҚ зерттеу нәтижелерінің оқу және оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеуде жеткіліксіз енгізілуі	Кафедра отырысында ППҚ зерттеулерін оқу процесіне енгізу мәселелерін қарау және ППҚ өз зерттеулері негізінде оқытылатын пәндер бойынша әдістемелік нұсқаулықтар әзірлеу	Жоғары білікті және ғылыми-педагогикалық тәжірибесі мол ППҚ. ҚазҰТЗУ 703-06. Оқу-әдістемелік басылымдардың жылдық жоспары. Ішкі аудит.

6	Ғылыми жабдықтардың жалпы санына шаққандағы жаңарту үлесі, %	Саны	10	15	20	Инфляциялық шығындарға байланысты жабдық құнының өсуі.	Ғылыми-білім беру зертханасын ашу және жабдықтау.	Оқу бағдарламасының жұмыс жоспарына сәйкес зертханалық сабақтар өткізу.
7	Қорғаныш құжаттар мен авторлық куәліктердің өсуі	Саны	5	7	8	ППҚ зерттеу нәтижелерінің жеткіліксіз патенттелуі	ППҚ мен студенттердің ҚР ЖБҒМ гранттық қаржыландыру конкурстарына қатысуы	Ғылыми әзірлемелерді патенттеу. Патенттік бөлім.
8	Ғылыми және білім беру қызметін жүргізуге жеткілікті деңгейде ағылшын тілін білетін оқытушылар саны	Саны	4	5	6	Қартаң оқытушылардың ағылшын тілін білу деңгейінің төмендігі	Университетте қартаң оқытушылар үшін ағылшын тілін оқыту курстарын ұйымдастыру және өткізу.	ППҚ мен студенттердің ағылшын тілін меңгеруін бағалауға арналған халықаралық сертификаттардың болуы
9	Ғылыми-зерттеу және ғылыми-зерттеу-конструкторлық жұмыстарға тартылған дәрежесі бар ППҚ үлесі, %	Саны	70	75	79	Қазақстандағы ғылымды қаржыландыру пайызы әлемдегі ең төменгі көрсеткіштердің бірі (ЖІӨ-нің 0,13%)	ППҚ-ның ҚР БҒМ гранттық қаржыландыру конкурстарына қатысуын белсендіру.	Жоғары білікті және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу тәжірибесі мол ППҚ.

10	ҚР БҒМ КОКСОН ұсынған ғылыми басылымдардағы жарияланымдар саны	Саны	15	18	22	Ғылыми-зерттеу жұмыстарын қаржыландырудың жоқтығы немесе жеткіліксіздігі.	ППҚ мен студенттердің ғылыми-зерттеу және ғылыми-зерттеу тәжірибелік жұмыстарына қатысуын белсендіру.	Жоғары білікті және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу тәжірибесі мол ППҚ. Жарияланған ғылыми мақалалар.
11	Жүргізіліп жатқан ғылыми жобалар саны	Саны	6	7	8	Қазақстандағы ғылымды қаржыландыру пайызы әлемдегі ең төменгі көрсеткіштердің бірі (ЖІӨ-нің 0,13%)	ППҚ-ның ҚР БҒМ гранттық қаржыландыру конкурстарына қатысуын белсендіру.	Жоғары білікті және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу тәжірибесі мол ППҚ.
12	Оқу процесіне енгізілген ғылыми зерттеу нәтижелері саны	Саны	6	7	8	Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жеткіліксіз қаржыландыру.	ҒЗЖ нәтижелерін профильдік пәндерге енгізу және оқу жоспарына енгізу.	Акт внедрения ҒЗЖ нәтижелерін оқу процесіне енгізу актісі. Ашық сабақтар.
13	Scopus / WoS халықаралық деректер базасында индекстелетін шетелдік басылымдардағы жарияланымдар саны	Саны	20	23	25	Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жеткіліксіз қаржыландыру.	ППҚ-ның ҚР БҒМ гранттық қаржыландыру конкурстарына қатысуын белсендіру.	Жоғары білікті және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу тәжірибесі мол ППҚ.

14	ППҚ-ның дәрежелену деңгейі, %	%	75	77	79	Магистранттар мен докторанттарды дайындауға арналған гранттардың жеткіліксіздігі	Магистрлік және докторлық диссертацияларды сәтті қорғаған жаңа кадрларды дайындау және қабылдау	Бітірушілердің академиялық және ғылыми дәрежелер алуын қамтамасыз ету. Ішкі аудит.
15	Ішкі және сыртқы елдерде біліктілігін арттырған оқытушылар мен ғылыми қызметкерлердің үлесін арттыру	%	90	95	98	Қаржыландырудың жеткіліксіздігі.	ППҚ-ның «Болашақ» конкурсына қатысуы, ППҚ біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру. Білім беру бағдарламалары бойынша Өнеркәсіптік-консультативтік кеңестің аясында Меморандумға қол қою және әртүрлі қауымдастықтармен бірге студенттерді білім беру бағдарламасының кәсіби сертификатталуына лайықты дайындау жоспарын әзірлеу	Біліктілікті арттыру сертификаты. Ішкі аудит.

МІЖГ кафедрасының отырысында 2025 жылғы «23» қаңтар №5 хаттамада қаралды.

МІЖГ кафедра меңгерушісі



Мейрамбек Г.

